



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ САЯСИ МӘДЕНИЕТ РӨЛІ

Кусанова Акерке Нурлановна

akerke-kn@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С.Рыстина

Саяси мәдениет түсінігімен оның қалыптасуына байланысты әлемдік зерттеушілер арасында келісімге келген ортақ пікір жоқ. Саяси мәдениеттің мағыналық түсінік аясының кендігіне байланысты және оны түсіндіруде әр түрлі көзқарастар орын алғандықтан саяси мәдениет туралы анықтамалар бірізді емес, әрқилы болып келеді.

Саяси мәдениет туралы айтқанда, ең алдымен мәдениет дегеніміздің өзі не екенін анықтап алу қажет. Өйткені саяси мәдениеттің өзі жалпы мәдениеттің белгілі бір бөлшегі, құрамдас бөлігі. Саяси мәдениетке қатысты ғылыми ортада мойындалған белгілі бір анықтаманың жоқтығы секілді, мәдениетке байланысты да жалпыға ортақ анықтама жоқ. Мәдениеттің мазмұндық ауқымы өте кең. Мәдениет қоғамда әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуде, олардың тұтастығын, қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Қоғамның мәдениеті адамдар мен топтардың өмір сүру стилі мен тәжірбиелік іс-әрекеттерінің нәтижесімен астасып жатыр. Мәдениеттің негізін құрайтын құрамдас бөлігі әлеуметтік құндылықтар мен нормалар жүйесі. Тек мәдени құндылықтар мен нормалар арқылы ғана адамдар бір-бірімен өзара қатынастарын реттей алады. Осы тұрғыда мәдениет қоғамдық өмірді реттей алады және ұйымдастырады. Мәдениеттің ұйымдастыру рөлінің бастамасы адамдардың «іс-әрекет ету шекарасын» анықтайды. Тек осы мәдени нормалар мен құндылықтар негізінде ғана адамдар, өзара қарым-қатынас кезінде өзін-өзі көрсете, дәлелдей, бақылай алады. Нәтижесінде іс-әрекеттерді өзара реттеу кезінде адамдар материалды және рухани мәдениет түрінде көрініс беретін әртүрлі құндылықтарды жасайды. Аталған құндылықтар сол қоғамның мәдени өмірінің ажырамас негізгі бір бөлігі болып табылады.

Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен мәдениеттің өзара байланысын, әртүрлі халықтар мен ұлттардың саяси үрдісінің дамуында дәстүрлер мен дағдылардың ықпал ету деңгейін, саясаттағы психологиялық факторлардың рөлін қарастырғанда ерте заман өкілдерінің ойларын атап өтпеуге болмайды.

«Саяси мәдениет» сөзін ең алғаш XVIII ғасырда неміс философы И. Гердер «Адамзат тарихындағы философия идеясы» еңбегінде қолданған болатын. Ол саясат пен мәдениеттің арақатынасын зерттей келе, «Саяси мәдениеттің дамуы», «Саяси мәдениетті таратушы» деген тіркестерді айналымға енгізді [1].

Саяси мәдениет концепциясы ең алғаш 1965 жылы Х. Файнер «Саяси мәдениетті» өзінің (1956) «Еуропа елдерін басқару жүйесі» атты кітабында қысқаша «Ұлыбритания, Франция, Германия, Кеңес Үкіметі елдерінің саяси мәдениеті мен басқару жүйесін салыстырмалы зерттеу» бөлімінде қарастырған [2]. Алайда аталған кітапта саяси мәдениетке нақты бір анықтама берілмеген. Дәл осы жылы саяси мәдениет концепциясын жасауға алғаш қадам жасаған американдық саясаттанушысы Г. Алмонд өзінің «Салыстырмалы саяси жүйелер» атты мақаласында саяси мәдениетке жүйелі түрде анықтама берді. Еңбекте саяси жүйені талдай отырып, оның екі деңгейін ұсынады: институционалды және бағдарлық (ориентациялық). Институционалды деңгей әлеуметтік құрылымды қарастырса, ал бағдарлық деңгей саяси мәдениетті қарастырады [3]. Саяси мәдениет концепциясын Г. Алмонд пен С. Верба өздерінің «Азаматтық мәдениет. Бес ұлттың саяси қағидалары және демократия» еңбегінде әрі қарай жалғыстырады. Олар бойынша «саяси мәдениет» жүйедегі өзіндік рөліне, саяси жүйеге қатысты және оның әртүрлі бөлімдеріне және қағидаларына қатысты спецификалық саяси бағыт-бағдарлар - қағидалар жиынтығы. Бұл әлеуметтік объектілер мен үрдістердің ерекше жиынтығына байланысты бағыт-бағдарлар жиынтығы. Саяси мәдениеттің негізгі міндеті қоғамдық ғылымдардың саяси белсенділігін арттыру

немесе демократия қағидалары мен құндылықтарын орнату және оны басқа елдерге тарату [4].

Саяси мәдениет концепциясының одан әрі дамуына ықпал еткен аталған авторлардың 1965 жылы шыққан «Саяси мәдениет және саяси даму» еңбегі болды. Аталған зерттеу жұмысы 13 мемлекеттің саяси мәдениетіне түсініктеме беруге және салыстырмалы талдауға мүмкіндік берді.

Бастапқыда саяси мәдениет ұғымы саяси жүйелерді салыстыру мен топтастыру деп айқындаған Г. Алмонд мынадай анықтама берді: «Әрбір саяси жүйе саяси іс-әрекетке, саясатқа қатысты бағдарлардың бірлігіне негізделеді. Яғни, саяси мәдениетті саяси іс-әрекетке байланысты анық немесе жасырын бағдарлар құрайды» [5].

Г. Алмонд адамдардың субъективті психологиялық бағдарларын зерттеу арқылы тұтас қоғамның дамуын түсінуге болатынын, өйткені саяси үрдістің деңгейін оған қатысатын адамдардың көңіл күйлері, сенімдері мен сезіміне тікелей байланысты қарастырды.

Г. Алмонд пен С. Верба өздерінің «Азаматтық мәдениет» атты еңбегінде саяси мәдениетке анықтама бере отырып, саяси мәдениетті анықтайтын оның төрт негізін көрсетті.

1. Саяси мәдениет тұрғындарға тән саяси бағдардың бірлігімен ерекшеленеді.

2. Саяси мәдениеттің танымдық, сезімдік және бағалау құрамалары саяси нақтылыққа қатынастағы сенімдерді, саясатқа қатынастағы сезімді, саяси құндылықтарға бой ұйретуді қамтиды.

3. Саяси мәдениет бірқатар факторлардың әсерімен құралады: балалық әлеуметтену, білім алу, бұқаралық ақпарат құралдарына ашықтық, үкімет мекемелерімен қатынасу тәжірбиесі, әлеуметтік-экономикалық нақтылықпен әсері.

4. Саяси мәдениет саяси және үкіметтік құрылымдардың қызмет етуіне әсер етеді, бірақ ол олардың қызметін анықтай алмайды. Саяси мәдениет пен саяси құрылымдар арасындағы себепші тәуелділік олардың қызмет ету саласына сәйкес екіжақты [5, 134 б.].

С. Верба қоғамның саяси мәдениетін тәжірбиелік сенімдер, экспрессивті рәміздер мен құндылықтар жүйесі ретіндегі көрініске ие және осылардың жиынтығы саяси әрекет жүзеге асып отырған жағдайдың шеңберін анықтайды, яғни саяси мәдениет саясатқа қатынастағы субъективті бағдарларды қамтамасыз етеді деп қарастырады [6].

Автор саяси мәдениетті ең бірінші адамдардың саясат туралы эмпирикалық сенімінің жүйесі ретінде көрсетуге мән береді, яғни кез келген елдің саяси мәдениетінің ажырамас бөлігі экспрессивті саяси рәміздер, сонымен қатар құндылықтар жүйесі болып табылады. Саяси мәдениет ең біріншіден саяси сенім, яғни саяси іс-әрекет пен саяси институттардың үлгісі туралы ойлардың құндылықтық-нормативті жүйесі [6, 148 б.].

Т. Парсонс пен Е. Шилс саяси бағдарларды жіктеуде саяси мәдениетті саяси санамен бірге қарастырды.

Саяси мәдениет саяси сана мәдениетімен шектеліп қана қоймайды, ол тәжірбиелік іс-әрекет бағытына да қарай дамиды. Осы тұрғыда саяси сана мәдениеті мен саяси жүріс-тұрыс мәдениеті қатар тұрып, тұлғаның саяси үрдіске, саяси жүйеге және саяси үрдістің тұлғаға тәжірбиелік қатынасымен сипатталады. Саяси мәдениет қоғамның саяси өмірінің барлық салаларында таралады және өзіне саяси сана мәдениетін, саяси жүріс-тұрыс мәдениетін, саяси институттар қызметін қоса қарастырады.

Е. Вятр бойынша, саяси мәдениет «көзқарастар, құндылықтар және азаматтардың билеуін мінез-құлық үлгілері» бар. Польшалық ғалым өзінің еңбектерінде саяси мәдениеттің құрылымының сыйымды және барынша көлемді сипаттамасын береді. «Біз саяси мәдениетке жатқызамыз - деп жазады Е. Вятр, а) саясат туралы білім, айғақтармен танысу, оларға деген қызығушылық; б) саяси құбылыстардың бағасы, биліктің қалай өмір сүру керектігі туралы бағалау пікірлері; в) саяси көзқарастардың эмоционалды қыры, олар мысалы отанға деген махаббат, жауларға деген өшпенділік; г) аталған қоғамда танылған саяси тәртіптің үлгілері, олар саяси өмірде қалай әрекет етуге болады және қалай әрекет еткендігі жөн екендігін анықтайды». Саяси мәдениеттің аталған түсінігі диссертациялық зерттеудің авторына барынша жақын, себебі оның құрамына саяси мінез-құлықтың үлгілері кіреді.

Саяси мәдениет туралы түсініктердің дамуының соңғы тұжырымдамасына ие болуға мүмкіндік бермейді. Саяси мәдениетті әлдебір ұжымдық, құрылымдық, әр түрлі элементтерден құралған тұтас ретінде қарастыра отырып қоғамдық өмірдің жаңа қырларының, саясаттың субъектілері арасындағы жаңа байланыстардың көрінуі осы саясаттану санатының түсінігіндегі жаңа реңктердің туындауына сөзсіз әкеледі. Саяси мәдениеттің ықпалымен дамитын саяси үдеріс, өз кезегінде аталған саяси жүйенің қатысушыларының көзқарастары мен бағдарларының барлық жүйесіне ықпал етеді. Алайда, бұл саяси мәдениет құрылымында оның маңызын анықтайтын, кейбір константтардың жоқтығын білдірмейді. Тұлғаның саяси әлеуметтенуі және саясиленуі арқылы оның саяси үдеріске тартылу деңгейін анықтау арқылы ықпал ететін саяси дағдылардың, білімдердің, шеберліктердің жиынтығы бола отырып, тұлғаның, әлеуметтік топтың, саяси мінез-құлықтағы үлгілерді өсіруге, әзірлеуге бір уақытта ықпал етеді.

Саяси мәдениет саяси сана мәдениетімен шектеліп қана қоймайды, ол тәжірбиелік іс-әрекет бағытына да қарай дамиды. Осы тұрғыда саяси сана мәдениеті мен саяси жүріс-тұрыс мәдениеті қатар тұрып, тұлғаның саяси үрдіске, саяси жүйеге және саяси үрдістің тұлғаға тәжірбиелік қатынасымен сипатталады. Саяси мәдениет қоғамның саяси өмірінің барлық салаларында таралады және өзіне саяси сана мәдениетін, саяси жүріс-тұрыс мәдениетін, саяси институттар қызметін қоса қарастырады.

Жалпылама алғанда барлық зерттеушілер қандай да болмасын қоғамның саяси мәдениетінің ерекшелігін анықтау үшін, саяси қағидалар мен бағыт-бағдарларды, топ пен жеке тұлғаның жүріс-тұрыс үлгілерін, саяси институттардың қызмет ету ерекшелігін, құндылықтардың қоғамға таралуы секілді феномендерге сүйенеді.

Саяси мәдениет өзіне құраушы бөліктері ретінде көптеген ұрпақтар өмірі негізінде қалыптасқан саяси дәстүрлерді, өмір сүріп отырған саяси тәжірбиені, идеяларды, сенімдерді қамтиды. Ол өмір сүріп отырған саяси жүйеге, оны құрайтын институттарға және ондағы қызмет етіп отырған адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара қатынастарының принциптеріне қатынастағы адамдардың бағдары мен қағидаларын қамтиды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жулин К.М. Политическая модернизация как условие стабильного развития Республики Казахстан: политологический анализ. Дисс.д.полит.наук. – Алматы, 2009 г., с. 81.
2. Finer H. Governments of great European powers. A comparative study of the governments and political culture of Great Britain, France, Germany and Soviet Union. London, 2010, p.155.
3. Almond G. Comparative political systems// The Journal of politics, 11956, Vol. 18, №3.
4. Almond G. and Verba S. The Civic Culture: political attitudes and democracy in five nations. Princeton, 1963. p.53
5. Алмонд Г., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии// Политические исследования. – 1992. №4, - с.122
6. Вайчич В. Понятие политической культуры// Политическая наука. Проблемно-тематический сборник. - №4. с.141-155.